

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

Кафедра: “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы”

**Тақырыбы: “Жылқының шығу тарихы мен тегі.
Классификациясы. Конституциясы. Жылқы түрлері. Қазіргі жай
күйі”**

Орындаған: Төлеген Ә. Қ

Топ: ВС-218П

Қабылдаған: Қойшибаев А. М

Алматы, 2015



Жоспар

I. Кіріспе бөлім

1.1. Жылқының шығу тегі

II. Негізгі бөлім

2.1. Жылқы шаруашылығы

2.2. Жылқының сырт – пішімі

2.3. Жылқы конституциясы

2.4. Жылқының жасын анықтау

2.5. Жылқы түрлері

2.6. Селекциядағы жетістіктер

2.7. Жылқының ет өнімділігі

2.8. Жылқының сүт өнімділігі


2.9. Жылқыны азықтандыру

2.9.1. Жылқы жүрісінің түрлері

III. Қорытынды бөлім

3.1. Жылқы тұқымдарын асылдандыру

IV. Пайдаланылған әдебиеттер



I. Кіріспе бөлім

Жылқының шығу тарихы


Төрт түлік малдың ішінде қай халықтың болса да құрмет тұтатындарының бірі- жылқы малы. «Ат-ердің қанаты» деп айтатын дана халқымыз жылқыны өте қастерлеген. Жылқы-мінсең көлік, жесең ет. Қазы-қарта, жал-жаясыз бірде-бір қазақ жанұясын біз көре алмаймыз. Тарихи деректер бойынша адам баласы жылқыны біздің жыл санауымыздан 3 – 4мың жыл бұрын қолға үйреткен. Негізгі отаны Шығыс Еуропаның далалы аймағы, Орталық Азия және Қазақстан алқабы деп есептеледі.

Әйгілі ғалым Ахмет Тоқтабайдың «Алматы кітап» баспасынан жарық көрген «Қазақ жылқысының тарихы» кітабында «Орталық Азия, соның ішінде қазақ даласы – жылқы отаны» - деген түпкілікті тұжырым жасалған. Бұған дәлел ретінде, жүздеген мың жылқы сүйектері табылған энеолит дәуіріндегі – «Ботай қонысы» аталады. Ботайлықтар – жылқыны алғаш қолға үйреткендер. Мұны қазір бүкіл әлем ғалымдары мойындап отыр. 2009 жылы бүкіл әлемге SCIENCE ғылыми журналында жылқының дүниежүзі бойынша тұңғыш рет Солтүстік Қазақстанда қолға үйретілгені, ертедегі малшы - жылқышыларының б.з.д. IV мыңжылдықта қымыз дайындағаны әлем жұртшылығына жария етілді.



Жылқының арғы тегі жылқы пішіндес жануарлардан дами келе – тарпаңға, Пржевальск жылқысына, құлан, зебраға жеткен көрінеді. Тарпаңдардың бойлары жылқылардан аласалау, денесі тығыршықтай томпақ, түстері құла және көк болып келеді.

XX ғасырдың басында тарпаң жабайы жылқылар түрлері мүлдем жойылып кетті.



Соңғы тарпан 1814 жылы қазіргі Калинаград жерінде өлтірілген.



Жылқының жабайы туыстары



Құлан



Жабайы есек



Бурчеллова зебрасы




Тарпан



Жылқы шаруашылығы — мал шаруашылығының жылқы өсіретін саласы. **Жылқы шаруашылығы** бағалы азық-түліктік ет пен сүт өндірумен қатар өнеркәсіпке — тері, қыл, ауыл шаруашылығы жұмыстарына — күшкөлік береді, жылқы қанынан емдік вакцина, сарысу, гамма-глобулин және қой мен сиырдың төлділігін арттыратын буаз бие қанының сарысуын дайындайды. Кең байтақ жайылымы бар Қазақстанның көптеген аудандарында жылқы шаруашылығымен айналысу тиімді.



Жылқының түр- тұлғасы, сырт пішіні



1-құлағы; 2-шүйде; 3-мандай; 4-самай; 5-тұмсық; 6-көз; 7- сағалдырық; 8-ұрт;
9-танау; 10-үсіңгі ерін; 11-астыңғы ерін; 12-алқам; 13-мойын; 14-иық; 15-иықалды;
16-жауырын; 17- қолтық; 18-алдыңғы сан; 19-алдыңғы сан; 20- алдыңғы тізе; 21-
жіліншік; 22- тиек; 23-бақай; 24-тұяқ; 25-тұяқ; 26-бауыр; 27-ұма алды; 28-ұма; 29-
артқы тізе; 30-тірсек буыны; 31- артқы жіліншік; 32-артқы тізе; 33- артқы тірсек; 34-
қабырғалар; 35-сербек; 36- сауыр; 37-желін; 38-құйымшақ бітісі; 39-құйымшақ; 40-бел;
41-арқа бітісі; 42-арқа; 44- жауырыналды; 45- шоқтық; 46- желке

Жылқы конституциясы

Конституция - жануарлар өнімділігі және белгілі бір сыртқы қоршаған ортаға жауап қабілетін бағыты байланысты жануардың морфологиялық және физиологиялық сипаттамаларын жиынтығы.

Жылқы экстерьер бойынша бағалайтын болсақ, Жылқының басы созылған арықтау келеді; көздері үлкен өткір, танаулары кең, сүйір құлақтары ширақ қимылды үлкен не орташа көлемді (басының жартысынан да кішірек) болады. Жалы ұзын салбыраған, мойны ұзын бұлшық етті, денесі жұмырланған болады; құйрығы түбірінен басталатын ұзын қылдардан тұрады; түсі әралуан келеді. Аяқтары биік сымбатты, жуандығы орташа болады; 1-ші және 5-ші саусағы мүлдем болмайды, 2-ші және 4-ші саусақтары рудиментті түрде ғана қалыптасқан; тұяғы ең қатты дамыған ортаңғы саусақтың басын ғана қаптайды (сондықтан дененің бүкіл салмағы соған келеді). Асқазаны қарапайым болады, өт қабы жоқ, бүйені қатты дамыған. Миі біршама кішкентай, және қатпарлы үлкен ми сыңарлары мишықты қаптамайды. Алайда ақыл қабілеті едәуір жоғары болады. Сезу қабілеттерінен естуі ең жақсы дамыған, содан кейін көруі, сосын иіс сезуі. Шоқтығына дейінгі биіктігі 50 – 185 см, салмағы 60 – 1500 кг болады.

Жылқылар әдетте бір айғыр бастайтын бірнеше биеден тұратын *үйірге* жиналады. Көбінесе жазық далада тұрады; ерекше сипаттары - үлкен жылдамдық пен сақтылық.

Зоотехния ғылымының көрнекті ғалымдары П. Кулешов пен Е. Богданов жылқының функциялық, экстерьерлік, өнімділік ерекшелітерін зерттей келе, 5 түрлі – сөлекет, нәзік, ашаң, қағылез, босаң типтерін ажыратты.

1. **Сөлекет** типтің терісі мен жүні қалың, қаңқасы ірі, басы үлкен, бұлшық еттері қомақты, тері астындағы қан тамырлары білінбейді. Сөлекет денелі типке көбінесе, тоғай, дала жылқылары жатады.
2. **Нәзік** типтің терісі жұқа, қаңқасы жеңіл, бұлшық еттері болбыр, жалқұйрығы мен кекіл жүндері сирек болады. Бұл типтеі жылқы ауа-райына төзімсіз, бағымы жақсы болса мол өнім беруге бейім.
3. **Қағылез** жылқының терісі жұқа, жүні тұқыр, жеңіл денелі болады. Тері астындағы тамырлары білеуленіп, білініп тұрады. Бұл типке ахалтеке мен араб жылқысында жиі кездеседі.
4. **Ашаң** дене қай жылқы тұқымына болса да қажет. Бұл типті жылқы денелігімен, терісінің тығыздығымен бұлшық еттерінің жақсы дамып жетілгендігімен, буындары мен сіңірлерінің мықтылығымен, тері астындағы қан тамырларының анық көрінуімен ерекшеленеді.
5. **Босаң** типті жылқының тері асты тканьдері мен бұлшық ет арасындағы майлы қабаттары жақсы жетілген.



Жылқының жасын тісіне қарап айыру

Туғаннан кейінгі жылқының өсу жасына сәйкес белгілі мерзімде және белгілі ретпен өсіп шыққан сүт тістері біртіндеп тұрақты тістермен алмасып, кейінгілері мал сақая келе мүжіліп, мұқалады. Бұған жылқының тұқым және жеке басының өсімпаздығы мен азықтандыру жағдайы мен сыртқы ортаның басқа да бірқатар факторлары ықпал етеді. Сондықтан тісі бойынша жылқы жасын белгілі бір дәрежедегі дәлдікпен ажыратуға болады. Жылқының жасын айыру үшін үстіңгі және астыңғы иектегі алдыңғы күрек тістеріне қарайды.

Сақа ат пен ересек айғырда-40, биеде-36 тіс болады. Олар жылқының үстіңгі және астыңғы иектерінде келесі тіс формуласы ретімен орындалады:

| | | |
|---------|--------------------------------|-------------|
| Айғырда | Жоғарғы жағы – $6K + 2C + 12A$ | |
| | Төменгі жағы – $6K + 2C + 12A$ | барлығы =40 |

Мұндағы, K – күрек тіс; C – сойдақ тіс; A – азу тіс



Жақтарда 6-дан оранласқан күрек тістерінің алдыңғы жұбын – қасқа тіс, ал екі жағындағы жұбын – езу тіс деп атайды. Қасқа тіс пен езу тістің арасында орта күрек тістер тұрады. Құлын туғаннан кейін сүт тістері келесі мерзімде келесі ретпен шығады:

- 7-14күнде – қасқа тістері
- 15-45күнде – орта күрек тістері,
- 6-7айда – езу тістері шыға бастайды.
- 8айда олар басқа тістермен теңеседі.

10-12 айда, яғни жылқының бір жасында, сүт қасқа тістердің ойық бедері мүжіледі де, тістердің түбі жақсы көрінеді. 2,5-3 жас аралығында жылқының сүт күрек тістері түпкілікті тістермен келесі мерзімде ауысады:

- 2,5 жасқа келгенде – қасқа тістері;
- 3 шыққан түпкілікті тістер қалған сүт күрек тістермен теңеледі.
- 3,5-4 жаста – орта күрек тістері ауысады;
- 4,5-5 жаста – езу тістері ауысады



Жылқының түрлері

Дүние жүзінде жылқының 250 дей түрі бар. Қазақстанда жылқының 16 түрі өсіріледі. Жылқы - **жүк жылқысы, мініс жылқысы, жазық дала жылқысы, тау жылқысы, солтүстік дала жылқысы** болып ажыратылады.

Қазақ халқы жылқыны 3 топқа бөлген:


Күшті, еті тығыз аттар. Оларды ауыр жұмыстарға, жүк тартуға, көшіп –қонғанда пайдаланған. Бұл аттарды **Қазанат** деп атаған.

Жүрдек аттар , күші мығым ат пен бәйге атының арасындағы салт жүріске жарамды жылқылар *Жабы* деп аталған.

Жүйрік аттар деп бөлінеді.

Бәйгеге қосылатын жүйрік аттарды арғымақ, тұлпар ат , сәйгүлек ат деп ерекше күтімге алған.





Халқымыз жылқыны жасына қарай:
сақа ат, сақа айғыр, бесті, дөнен,
құнан, сәуірік, сетер, қулық, тай,
жабағы, құлын т.б. деп бөледі.
Ал жынысына қарай: *ат, бие, айғыр,*
азбан деп ажыратады.

Жылқылар бөлінеді:

Жабағы,
Адайдың жылқысы
Қостанай жылқысы
Буденый жылқысы
Көшім жылқысы
Салт мініс жылқысы
Желісті жылқы
Қазақ желістісі жылқысы
Орыс желістісі жылқысы
Ахалтеке жылқысы



Адай жылқысы – салт мінілетін қазақ жылқысының бір тұқымы. Бұл жылқының эволюциялық даму жолы өте күрделі. Мініске шыдамдылық, желігіштік және бірқатарының теңбіл көк түсті болып келуі араб тұқымды жылқыларға ұқсастығын, ал қарабайыр, қазанат – жүрдектігі жағынан Түрікмен жылқысы – Ахалтекенің белгілері бар екенін көрсетеді. Суық пен ыстыққа төзімді, қысы-жазы жайылымда жүріп, күтім талғамайды. Адай жылқысының мойны қысқа омыраулы, арқасы түзу, сауыры солыңқы, жуан жіліншігі етсіз, мықты құйма тұяқты болып келеді. Шоқтығының биікт. 140,3 см, тұрқы 142,7 см, кеуде орамы 163,3 см, жіліншіктің орамы 17,6 см. Еті жоғары сапалы, ет түсімі – 52 – 58%. Тәулігіне орта есеппен 8 – 11 л сүт сауылады. Жүйріктері ұзаққа шабады, 40 – 50 км-ге шаршамай еркін жетеді. Адай жылқысы Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарында өсіріледі.



Қостанай жылқысы – жылқы тұқымы.

Тарихы

Қазақстанның Қостанай, Майкөл және Ресейдің Троицк жылқы зауыттарында күрделі будандастыру (қазақ жылқысының биесін қалмақ, дон, стрелец, орлов-растопчин, ағылшын-араб, таза қанды салт мініс жылқыларының айғырларымен зауыттық будандастыру) нәтижесінде шығарылды. Жеке тұқым ретінде 1951 жылы тіркелді. Қостанай жылқысы негізгі, мініс, дала жылқысы деп үш тұқымдық топқа бөлінеді.

Биологиялық сипаты

Бітімі дала жылқысына тән, шымыр, сүйегі ірі, бұлшық еттері жақсы дамыған, аяғы сіңірлі, тұяғы берік.

Айғырларының шоқтығына дейінгі биіктігі 159 – 160 см, тұрқының ұзындығы 161 – 163 см, кеуде орамы 185 – 187 см, жіліншік орамы 20 см; биелерінде тиісінше 155,4; 156,2; 185,2; 19,5 см. Мініске де, жегіске де төзімді.

Жүйріктігі 1600 м-де 1 мин 40,4 с; 2400 м-де 2 мин 38,4 с.

Түсі, көбінесе жирен кейде торы, құла, қара болып келеді.

Қазақ жылқысының биесімен Қостанай жылқысының айғырынан туған құлын ірі әрі мініске, жегуге көнбіс. Құлынын енесінен 6 – 7 айлығында бөлектеп, 1,5 жасынан бастап мініске үйретуге, 2 – 4 жасында бәйгеге қосуға болады.



Қостанай жылқысы. Бұл жылқы Қостанай облысының «Қостанай» мен «Майкел» жылқы заводтарында және облыстың колхоздарында, сонымен қатар, Челябі облысындағы «Троицк» жылқы заводында, жергілікті қазақ жылқылары таза қанды, салт мінетін дон жылқыларымен будандастырылған. Бұл жергілікті жердің ауа райы мен азықтандыру жағдайына жақсы бейімделген. Қостанай жылқысының басы орташа, мойны түзу, ұзындығы орташа, шоқтығы етті, алқымы кең, арқасы жалпақ, жауырыны мен қабырғалары ұзын, аяқтарының сіңірлері шығыңқы, шашасы шағын, топайлары орташа, тұяқтары дөңгелек, әсем келеді. Өте жүрдек, күшті және төзімді, Салт мінуге де, жегуге де қолайлы.



Будённый жылқысы — салт мінілетін жылқы тұқымы. 1921 — 48 жылы Ресейдің Ростов облысының С.М. Буденный атындағы және 1-атты Армия атындағы жылқы зауыттарында таза тұқымды Дон мініс жылқысы мен Қара теңіз жағалауының жылқыларын будандастыру арқылы шығарылған. Буденный жылқысы ірі, дене бітісі мығым келеді. Басы етсіз, қаз мойын, шоқтығы биік, аяғы сіңірлі, тұяғы берік. Шоқтығына дейінгі орташа биікт. 163 — 166 см, кеуде орамы 190 — 195 см; жіліншік орамы 20—21 см. Айғырының салм. 550 кг, биесінікі — 500 кг. Жаңа туған құлынының салм. 50 кг. Буденный жылқысының ұшқырлығы 1200 м-де 1 мин 16 с; 2000 м-де 2 мин 36 с; 3600 м-де — 3 мин 29 с. Қазақстанда Буденный жылқысын жетілдірумен Алматы облысындағы Қызылағаш жылқы зауыты шұғылданады.



Дон жылқысы. Мұның шыққан жері — Дон өзенінің маңайы. Жергілікті жердің ауа райына өте төзімді келеді. Дон тұқымының басы ашаң, сәл ұзындау, маңдайы томпақ, шортан басты келеді, көздері үлкен, шығыңқы, томпақ, танаулары делдиген, жұқа құлақтары сереңдеген, мойнының ұзындығы орташа, түзу, кейде ұзын, ашаң немесе етті, толық болады, көкірегі кең, қабырғалары ұзын, арқасы тегіс, сауыры ұзын және тік, жауырыны қысқа, тік біткен алдыңғы аяқтары түзу, аралары кең, артқы аяқтары қайқылау, тұяқтары берік, дөңгелек, үлкен болып келеді. Дон жылқысы салт мінуге қолайлы.



Таза қанды, салт мінетін жылқы. Бұл өте жүйрік, әсіресе жақынға шапқанда ұшқыр келеді. Қазір біздің елде оны өсіру үшін көптеген жылқы заводтары ұйымдастырылды. Таза қанды, салт мінетін жылқыны үнемі ипподромға сынайды. Бұлардың айғырлары жергілікті жылқы тұқымын жақсарту үшін қолданылады. Ол өте сымбатты, тұлғасы зор, әсем денелі, көркем тұлғалы жылқы. Күтімді жақсы керек етеді, жем-шөпті өте талғап жейді.



Көшім жылқысы — ет-сүт бағытындағы, мініп-жегуге арналған жылқы тұқымы.

Қазақ жылқысы биелерін орлов, орыс желісті және таза қанды салт мініс дон жылқысы айғырларымен шағылыстырып, олардың буданын «өзара» сұрыптау арқылы Батыс Қазақстанның жылқы зауыттарында шығарылған. Жеке тұқым ретінде 1976 жылы қабылданған.

Көшім жылқысы қазақ жылқысынан едәуір ірі, бітімі шымыр, басы ірі, мойны тым ұзын емес, шоқтығы биік, әдемі, кеудесі кең, қабырғасы шеңберленіп біткен, жаялы, белді, кейде қайқы бел келетіндері де бар, сүйегі берік, жұмысқа төзімді, тебіндетіп бағуға жақсы бейімделген.

Орташа өлшемдері (см):

тұрқы 160,9;

айғырының шоқтығына дейінгі биіктігі 158,2;

кеуде орамы 192,2;

жіліншік орамы 21,9;

биесінің өлшемі осыған сәйкес: 157,2; 154,1; 186,5; 20,6;

Айғырының орташа салмағы 540 кг,

ал биесінің орташа салмағы 492 кг.



Түсі қоңыр, торы, жирен және күрең. Биелері сүтті болады. Әр жүз биеден 70 – 80 құлын алынады. Биелердің сүт өнімділігі 1800 – 2200 л. Құнандары орта есеппен 188,4 кг, дөнендері 214,7 кг ет тартады. Сойыс шығымы 52,4 – 54%.

Көшім жылқысының асыл тұқымды таңдаулы үйірлері Батыс Қазақстан облысының «Көшім» ЖШС-нде және Серғазиев атынд. шаруа қожалығында, Ақтөбе облысының «Мұғалжар-99» ЖШС-нде және Пацаев атындағы АҚ-нда өсіріледі.



Мұғалжар жылқысы – қазақтың жабы жылқысынан шыққан. Жабы жылқысының шыдамдылығы мұғалжар жылқысында қалған, етті тұқым. Салмағы 100-150 келіге жетеді. Сүттілігі де бар. Оның қасиеті сол. Біздің Қазақстан бүкілодақтық сауда ұйымына кіргелі жатыр. Осыған кіргенде жылқы еті бағаланады. Мысалы, Франция халқының 30 пайызы жылқы етін жейді, Италияға да жылқы еті таңсық емес, олар есекке дейін жейді. Бірақ бұл елдерде біздің жылқыдай тұқым жоқ. Екі арнайы мамандандырылған ет пен қымыз өндіретін тұқым бар жалғыз мемлекетпіз. Ол – көшім мен мұғалжар тұқымдары. Қазір тағы бір тұқым шығаруды іске асырудамыз. Жұмысымызды Үкіметке айтып та, жазып та жатырмыз. Жылқы өнімдерін сыртқа шығаруды қолға алсақ, шетел қандай ет жейді, әсіресе, мұғалжардың етін бір жесе, ауызынан дәмі бір жыл кетпейтінін білер еді. Табиғи жайылымда жайылған жылқының еті экологиялық жағынан таза. Француздар мен итальяндықтар ипподромдарда шауып, аяғы сынған жылқыны сойып жей береді. Сондай-ақ ол елдерге поляктар кәрі биелерді бордақылап сатады.



Ахалтеке. Бұл тұқым араб жылқысынан бұрын шығарылған және ең ескі тұқым болып саналады. Ол осы күнгі түркімен жылқысының ұрпағы. Ахалтеке жылқысы Түркімен республикасындағы жылқылардың негізгі түрі. Бізде сол тұқым Жамбыл облысындағы «Луговой» жылқы заводында, республикамыздың кейбір колхоз-совхоздарында өсіріледі. Күй талғағыш, сымбатты, әсем келеді. Басы ашаң, мойны ұзын, тік (кейде бұғы мойындысы да кездеседі), шоқтығы биік, арқасы жұмсақ, жоны ұзын, тұтас сауырлы, жіліншіктері жіңішке, топайлары дөңгелек, тұяқтары берік. Артқы аяқтары қайқылау, терісі жұқа, жалы жібектей жұмсақ болады. Басқа жылқыдай емес жайылымда баққанды ұнатпайды, қатты суықты көтере алмайды, сүйектері жұқа жаратылған. Ал жазғы шөл, шөлейт жерлерге мініске өте төзімді, жүйрік болады.



Жылқы шаруашылығындағы селекциялық жетістіктер

Жылқы малының 2 тұқымы (көшім - 1976, мұғалжар – 1998) мен 1 тұқымдық сүлесі (қабы етті сүлесі - 1995) шығарылған.

Мұғалжар тұқымының қожамберді (2009) және құланды (2010), тұқымдық сүлелеріне, қазақтың жабы жылқыларының селеті зауыттық сүлесі (2010) мен оның 3 зауыттық желілеріне, қазақ жылқылары адай тармағының 3 зауыттық желілеріне (2008) инновациялық патенттер алынды. Олар тірідей салмақ көрсеткіштері бойынша, бастапқы тұқымдар мен тұқым стандарттарынан 25-60 (10-17%) және 15-40 кг-ға (10-17%) басым.



Көшім жылқы тұқымы 1976 ж. қазақтың жергілікті жылқыларын зауыттық тұқымдармен күрделі өндіре будандастыру арқылы шығарылған. Тұқымдық айғырлардың орташа тірідей салмағы 590 кг, биелердікі - 510 кг. Тұқым бойынша айғырлары мен биелерінің орташа салмағы тиісінше 615 және 535 кг болатын, жоғары өнімді Крепыш, Гром, Бахус, Хитрец және Байкал зауыттық желілері шығарылды. Олардың негізінде көшім тұқымының ақтөбе зауыттық сүлесі шығарылған. Ересек биелердің ет өнімділігі - 285 кг, сойыс шығымдылығы - 56,4%.



2010 жылы Павлодар облысының «Алтай Қарпық» жылқы зауытында қазақтың жабы жылқыларын таза қанды өсіру негізінде ұзақ жылдар бойы жүргізілген асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде, 3 зауыттық желіден (Браслет, Задорный және Памир) тұратын селеті зауыттық сүлесі шығарылды. Айғырлар мен биелердің орташа салмағы тиісінше 502, 458 кг-ға тең. Жылқыларды 2,5 жасында сойғанда алынатын ұшалардың орташа салмағы - 227 кг сойыс шығымы 57,4% болады. Биелердің сауым маусымындағы (105 тәулік) орташа сүт өнімділігі - 1701 кг.



Мугалжар тұқымы қазақтың жабы жылқыларын таза тұқымды өсіру және асылдандыру арқылы 1998 ж. шығарылған. Айғырлары мен биелерінің орташа салмақтары 510 және 480 кг-ға тең. Тұқым бойынша, 8 зауыттық желілерден тұратын, келісідей 3 тұқымдық сұле шығарылған: ембі, қожамберді және құланды. Тұқымдық сұлелер айғырлары мен биелерінің орташа салмағы 535 кг және 490 кг-ға тең.



Жылқының ет өнімділігі

Жылқының ет өнімділігін жақсарту үшін алдымен жайылымда, тебінде жайылуға бейімделген қазақы жылғының өнімдік қасиеттерін жетілдіру керек. Жылқының еттілігін көтерудің арзан жолы – жайып семірту болып табылады. Оны көктемде, күні ысып, түрлі қансорғыштар малдығ мазасын алғанға дейін және күзде суы мол, шөбі шалғын өрісте 1,5-2 жайып, қоңдылығын көтеріп, 70-90 кг салмақ қостыру арқылы сойыс шығымын молайтады. Жайылған малды күніне 2-3 рет суарып, күндіз суат мағына өрістетіп, түнге қарай шөбі шүйгін, отты алыс жайылымға айдауға болады.

Жылқы еттілігін тікелей өсірудің жолы бордақылау. Жылқыны әдетте күзде қыста жылы кезде, қоршауда, ал қыста жылқыны қорада бордақылайды. Бордақылаудағы жылқы басына оттықтан – 0,6-0,7м, ал оған екі жағынан тұратын – 0,4-0,5 м орын тию керек. Бордақылайтын малды, қажетінше суарып тұруды ойластырады.

Жылқы ұшасының семіздігін қазысының қалыңдығына қарай байқайды, бірақ онда тұқымдық ерекшеліктер болатынын ескереді. Мысалы, қазақы жабы жылқысы майда құрсағына, жаясына, жалына, ал будандар ішінде сұрпы етінде жинайды.



Жылқыны келесі семіздік категорияларына бөледі:

1-ші: бұлшық еті жақсы өсіп жетілген, жоны жұмыр, жауырыны мен саны жақсы толған, арқа, шоқтығынан басқа белдеме сүйектері, қабырғасы білінбейді. Жалына қол батпайды.

2 –ші: бұлшық еті орташа жетілген, жоны жұмырланбаған, жауырыны мен саны нашар толған, қабырғасы білініп, арқасы мен белдеме сүйектері шодырайып шығып тұрады, жалы бос болады.



Жылқының сүт өнімділігі

Елімізде 50 мыңнан астам бие сауылып, жүздеген қымыз фермалары мен қымыз емханалары жұмыс істейді. Қазақ республикасында жылына 40-50 мың қымыз өндіру жоспарлануда. 6-8 ай сауын мерзіміндегі биенің сүт өнімділігі орта есеппен сүті аз малда 700-1500 л, сүттілігі орташа 1500-2500 л және сүттілігі жоғары малда 2600-3000 л болады.

Сүттіліктің индексі және өндірілген сүттің салыстырмалы мөлшері малдың 100 кг салмағынан, абориенді қазақы, қырғыз, башқұрт, якут (400-700 л) тұқымдарында көп.

Емузілу құлындар алғашқы айларында тәулігіне 10-20 литірге дейін сүт еміп, 1-2 кг тәуліктік салмақ қосады. Бие желінінің сиымдылығы (1,5-3 л) аз болған кезде, цистернаның сүт өнімділігі үдемелі жоғары болса, ондағы бөлінген сүт ірі сүт өзектерін сүт жолдарын тез толықтырады да, қатты қысым жасайды, ал бұл сүттің қысым сүттің әрі қарай бөліну процесін тежейді. Желін құрылысының осындай ерекшеліктерін ескере отырып, күндік сүт өнімділігін көбейту үшін, оның желінің жиі босату керек, ол үшін биені әрі екі сағат сайын, тәулігіне 5-6 рет сауады. Жиі сауын жылқы фермаларының жұмысын қиындатады. Сүтті жылқы шаруашылығында ДА-3 машиналарын қолдана отырып механикаландырылған қондырғылармен сауады. Бұл жұмыс өнімділігін едәуір арттыру керек.



Бие сүтінің мөлшерін есептеу, еңбекті көп қажет ететін тым ауыр жұмыс. Ағашқы емізген айларда биенің сүттілігін құлынның қосымша салмағына байланысты анықтайды. Жылқыны құлыннан айырғаннан кейін, күндіз 12 сағат бойына әрбір 2 сағат сайын 6 рет қайталап сауады. Іс жүзінде әрбір 2 сағат сайын саууға мүмкіндік бола бермейді. Осы себепті әрбір сауынның, әсіресе соңғы сауынның уақытын минутына дейін жазып отырған дұрыс. Бұл алынған мәліметтер бір тәулік ішінде сауылған сүттің мөлшерін есептеп шығаруға мүмкіндік береді.

Биенің сүттілігін анықтау үшін бақылау сауымды қатарынан 2 күн жүргізген дұрыс.

Тәулік бойы сауудың нәтижесінде М.А. Сайгин (1955), М.С. Мироненко (1957) мынадай қорытындыға келеді. Биеден тәулік бойы әр сағат сайын шығатын сүт бір мөлшерде болады. Сондықтан тәулігіне шығатын сүтті есептеп шығаруға болатынын дәлелдейді.



Жылқыны азықтандыру

Жылқы азықтандыруы оның атқаратын жұмысы мен беретін өніміне қарай ұйымдастырылады. Жылқы атқаратын қара жұмыс денеде зат алмасуын жеделдетіп, гликоген, май, ақзат сиякғы қоректік заттардың ыдырауын күшейтеді. Демек, атқаратын жұмысы ауырлаған сайын денеге азықпен бірге түсетін қоректік заттар мөлшері де көбірек болуға тиіс. Атқарылатын жұмыстың ауыр-жеңілдігі тасылатын жүктің салмағы мен тасмалдау қашықтығына қарай анықталады. Дене энергиясының әрбір килокалориясы 425 кг/м механикалық жұмысқа тән. Соншама энергия шығынын қамтамасыз ету үшін жылқы азығы тез қорытылатын қанттекес заттарға (көмірсуларға) бай болуы керек. Бұл заттар жетіспесе, жылқы денесіндегі гликоген мен май энергия көзі ретінде айналымға түсіп, ыдырай бастайды. Одан кейін ыдырайтыны ет ақзаты. Соның нәтижесінде жылқы тез арықтайды. Оған жол бермеу үшін нормалап азықтандыру қажет. Жылқының қарны кішкентай, көлемі тар, сондықтан жұмыстан бос уақытта үзбей ұдайы азықтанып отырады деуге болады. Демек, аттың жұмысқа пайдалануын реттестіріп, оның тынығуына, түбегейлі азықта-нуына жағдай туғызу қажет. Жылқының ас қорыту жүйесінің ерекшелігі-қарынға келіп түскен азық кері қайтарылмайды, сондықтан оның жеген жемшөбі, ішетін суы таза, сапалы болуы тиіс.



Жылқы жүрісінің түрлері (аллюры) — жылқының жүргендегі аяқ тастауының түрлері. Табиғи жылқы жүрісінің түрлеріне аяң, желіс, шабыс, жорға жатады.

Аяң — жылқының жай жүрісі. Мұнда ол алдыңғы оң аяғы мен артқы оң аяғын, алдыңғы сол аяғы мен артқы сол аяғын кезек алға басады. Жылқы аяңымен сағатына 7-8 км жүреді. Аяңнан біршама өнімдірек жылқы жүрісі — *желіс*. Ол бүлкіл желіс, бөкен желіс, сар желіс болып бөлінеді. Бүлкіл - сағатына 13-15 км жүріп тастайтын желістің ең жай түрі, одан сағатына 20 км-дей жүретін бөкен желіс ұзақ жолға ұтымды, ал сағатына 50 км-ге дейін жүретін желістің әсем де ең шапшаң түрі сар желіс. Сар желіс арнайы шығарылған желісті жылқы тұқымдарына тән. Жылқының желістен де тез жүрісі — *шабыс*. Шабыста жылқы артқы және алдыңғы қос аяқпен кезек, күшпен бірдей алға басады. Жылқы бар мүмкіншілігіне қарқынды шабыспен қысқа қашықтықты өте тез алады, бірақ тым ұзаққа шыдамайды. Қысқа қашықтыққа өте ұшқыр, түр-тұрпаты сұлу да сымбатты, ат спортына лайықты арнайы шығарылған жылқы тұқымдары болады. Жылқының өзгеше жүрісіне *жорға* мен *қарғу* жатады. Қарғуға жылқыны әр түрлі спорттық ойындар үшін жаттықтырады. Жаттыққан жылқы 2,5 м биіктіктен, 8,5 м ордан қарғи алады



АЯҢ ШАБЫС



ПАССАЖДЫ ЖҮРІС



ЖЕЛІСТІ ЖҮРІС



IV. Қорытынды бөлім

Қазақ дегенде домбыра мен жылқы түлігінің есімізге түсері анық. Қанымызбен біте қайнаған сайын даланың қыраны мен жүйрік тұлпар қай қазақты болмасын бейжай қалдырмасы анық. Олай болса ХХІ ғасырда ата-бабамыздан аманатқа келе жатқан осы бір асыл тұқымды қорғау ғана емес, оны асылдандыру да біздің міндетіміз!



V. Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мал шаруашылығы, Алматы 2012. Автор: Қ, Ш, Нұрғазы
2. Мал өсіру, Алматы “Қайнар” 1987. Автор: Ә. Байжұманов
3. Жылқы шаруашылығы, Қостанай 2007. Автор: Б. Р. Әкімбеков, Б, М. Мүслімов, А. Р. Әкімбеков, Ш. Д. Дәленов
4. www.tulpar.kz
5. www.yandex.kz
6. www.google.kz



Назарларыңызға
рахмет!!!

